

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 қыркүйектегі № 994 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкіміне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2011

жылғы

1

қыркүйектегі

№ 994

қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкіміне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. "Ауыз сумен қамтамасыз ету саласында ұсыныстар әзірлеу жөнінде комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 8 желтоқсандағы № 1320 қаулысында:

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Ауыз сумен қамтамасыз ету саласында ұсыныстар әзірлеу жөніндегі комиссия туралы ережеде: 7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі комиссияның жұмыс органы болып табылады."

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.06.2014 № 728 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. "Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі су шаруашылығын дамыту және жаңғырту бағдарламасының жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 17 ақпандағы № 19 - өкімінде:

жұмыс тобы құрамына мыналар енгізілсін:

Толыбаев - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы  
Марат Еркінұлы вице-министрі, жетекшінің орынбасары,

Мейрембеков - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы  
Қайрат Амангелдіұлы министрлігінің Табиғи ресурстарды пайдалану  
стратегиясы департаменті директорының  
міндетін атқарушы, хатшы;

көрсетілген құрамнан Қуандық Уәлиханұлы Бишімбаев, Марат Әбілахатұлы  
Оразаев, Бақыт Қалмырзаұлы Жақсыбаев шығарылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 1 ж ы л ғ ы 1 қ ы р к ү й е к т е г і

№ 9 9 4 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

## **2011 - 2020 жылдарға арналған "Ақ бұлақ" бағдарламасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары**

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.06.2014 № 728 (01.01.2015 бастап  
қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**